

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1221 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 қаңтарда № 12926 болып тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

министрі

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 1221 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Уранды геологиялық барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 297 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10187 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 28 мамырда № 98 (28576) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Уранды геологиялық барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«5. Жобадан және осы Қағидалардың талаптарынан шығатын ақаулары және қайта жабдықталған нысандарды іске қосу кезінде, ақаулары немесе олқылықтар бар жаңа және қайта реконструкцияланған объектілерді пайдалануға қабылдауға жол берілмейді.»
;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«12. Уранды өндіру және өңдеу нысандарының құрылысы үшін алаңдарды таңдау мен оларды бекіту Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамасына сәйкес жүргізу қажет.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«15. Өндірістік алаңның кірер қақпасында өздігінен ашылуы мен жабылуын болдырмайтын құрылғы орнатылуы тиіс. Ұйым аумағы бойынша автокөліктердің, автокарлардың, электрлік карлардың және басқа рельссіз көліктердің жүру жылдамдықтарын ұйым әкімшілігі белгілейді, бірақ өндірістік ғимарат ішінде және одан шығар кезде көлік жылдамдығы сағатына 5 километрден (бұдан әрі – км/сағ) аспауы тиіс. Аталған көліктердің ұйым аумағындағы жүрісі жол белгілерімен реттелуі
т и і с . » ;

2-параграф тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-параграф. Жабдықтарды пайдалану талаптары»;

98-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«98. Уақытша кабелдерді тұрақты немесе жылжымалы бағаналар арқылы тартуға болады, күш түсетін тросқа немесе бағанаға сенімді бекітілгенде. Кабелдің ілу нүктелерінің ара қашықтығы 3 м. артық болмау тиіс. Кабелді бекітетін қамыттың, шеңгектің және басқа құралдардың құрылымы кабелдерге зиян келтірмеуі тиіс.»;

115-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«115. Геологиялық ұйымдардың лауазымды қызметкерлері мен өндірістік қызметкерлері өндірістік нысандарды аралап көрген сайын өнеркәсіптік қауіпсіздіктің талаптарының орындалуын тексеруге және орын алған кемшіліктерді жою шараларын қарастыруға тиісті. Тексеру қорытындылары мен кемшіліктерді жою барысы туралы мәліметтер ауысым кітапшасына тіркеліп жазылады.»;

116-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«116. Өндірістік жұмыскерлерге, тұрғындарға, қоршаған ортаға, құрылыстар мен кәсіпорын мүлкіне қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің пайда болуы мүмкіндігін байқаған жұмыскер тез арада ұйым басшылығына және өндірістік бақылауға жауапты жұмыскерге хабар беріп және қолынан келгенше аварияны болдырмау немесе зардабын жою шараларын қарастырады.»;

122-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«122. Әрбір бұрғылау қондырғысында персонал үшін жұмыс түріне, алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша, өрт қауіпсіздігі, ұйымның басшысы бекіткен тізбеге сәйкес ескерту белгілері және қауіпсіздік белгілері бойынша технологиялық регламенттер көзделуі тиіс.»;

123-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«123. Өздігінен жүретін бұрғылау қондырғылары еңкіш беттерде орналасуы кезінде, оның етегінен жотаға дейінгі ара қашықтық 3 метрден кем болмауы тиіс, бұл ретте бұрғылау қондырғысы опырылу аумағынан сырт орналастырылуы қажет.»;

139-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«139. Жеке және жылжымалы бұрғылау қондырғыларында жұмысшы (негізгі) шығу есігі жағынан қалыңдығы 40 мм кем емес тақтайлардан, еңкіштігі 1:20 қатынасынан кем емес қабылдағыш көпір болуы тиіс. Қабылдағыш көпір ені 3 м кем емес, ал ұзындығы – қосылатын құбырдың (май шам) ұзындығына 2 м қосқанға тең болуы қажет.»;

166-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«166. Тартпалы алаңның ені 0,7 м-ден кем болмауы тиіс.»;

208-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«208. Бұрғылау қондырғыларының еңкіш жерлерде орналасуы кезінде, қондырғының түбінен төбе етегіне дейінгі ара қашықтық 3 метрден кем болмауы тиіс.

Кез-келген жағдайда да, бұрғылау қондырғысы топырақ опырылуы мүмкін аумақтан
сырт жерде орнатылады.»;

343-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«343. Жуу сұйықтығының даярлауының тәсілдерінен (орталықтандырылған саз сұйықтықтарын даярлау станцияларында немесе уақытша алаңдарда) қарамай-ақ, келесі қауіпсіздік талаптары қамтамасыз етілуі тиіс:

1) саз араластырғыштардың люктері тиекті тормен жабылуы тиіс;
2) торлардың өлшемдері 0,15 x 0,15 м болуы тиіс;
3) жуу сұйықтықтарының және судың топырақ қоймалары кемінде 1,2 м биіктігімен қоршаудың барлық периметрі бойынша немесе төсеніштермен жабылуы тиіс;

4) науаларда жуу сұйықтықтарының және тағы басқа қосымшалардың химия реагенттерімен өңделген жуу сұйықтықтарының қолдануы және даярлауындағы жүйе, сонымен бірге қойма топырақтың ластанудан қорғауын қамтамасыздануы тиіс.»;

349-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«349. Болуы мүмкін аварияны жоюдың жоспары ұйым жетекшісімен бекітіліп, авариялық-құтқару құрылымдарымен және құтқарушы қызметтерімен келісіледі.

Жұмысты бастардың алдында аварияларды жою жоспары бөлімшеде барлық өндірістік жұмыскерлер мен қызметкерлер оқып танысу тиіс. Аварияларды жоюдың жоспарымен танысу қолхатпен ресімделген болуы тиіс. Аварияларды жоюдың жоспары (оның көшірмесі) нысанның көрнекі орнында ілінуі тиіс. Қауіпсіздіктің техникасы бойынша филиал, ұйымның техникалық басшысы бекіткен кестелерге сәйкес оқу-жаттығу оқуларының және уақытында оқу аварияларды жоюдың жоспарының, сонымен бірге нұсқамалық өткізуінде білімдердің тексеруіне жатады.»;

552-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«552. Тоттануға берік материалдарды және сүзгілеуге қарсы шараларды қолданумен және іргедегі еңкіштерін бекіте отырып, жер бетінен тереңдетілген тұндырғыштардың құрылғыларын орнықтырылуы ескерілуі тиіс.»;

555-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«555. Жер бетінен тереңдетілген тұндырғыштардың түбі көлденеңінен, тұнбаларды жуу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін құйылатын ерітінділердің бағытына қарсы бағытта қозғалатындай, кемінде 2% еңкіш болуы тиіс.»;

577-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«577. Реагенттер және ерітінді тасымалдағыш құбыр жолдары сұйықтықтардың ағу бағытына қарай еңкіш салынуы тиіс. Төмендетудің шамасы, құбырлардың тіреуіштердің арасындағы майысқан шамадан 2,5 еседен кем болмауы тиіс, бірақ кемінде 0,002% еңкіштікпен болуы тиіс.»;

632-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«632. Әрбір ұйымда геологиялық-маркшейдерлік қызметімен, штабельдегі руда кенінің орнықтылығын жүйелі түрде бақылауды ұйымдастыру тиіс. Опырылу

призмасының өлшемдері маркшейдерлік қызметтің жұмыскерлерімен орнатылады және үймелеп сілтісіздендіру учаскесіндегі жұмыскерлерге үздіксіз ақпарат беріп тұру қажет. Штабельдердің алаңы жүк түсірудің барлық аумағы бойынша көлденең, штабель жиегінен ортасына қарай кемінде 30% бағытталған еңкіш болуы тиіс. Түсіру бекетінде автокөліктердің және бульдозерлердің ары-бері жүруіне, айналуына қажетті алаңы болуы тиіс. Түсіру аумақтарында, көліктің артқа жүруін шектеу үшін сақтағыш қабырға (төбешік) қарастырылады, олар жүк көтергіштігі 10 т дейін автокөліктер үшін биіктігі кемінде 1 м, жүк көтергіштігі 10 т асатын автокөліктері үшін биіктігі кемінде 1 м болуы тиіс. Сақтандырғыш төбешік болмаған кезде, автокөліктердің артқы жүрісі, штабель жиегіне дейін, жүк көтергіштігі 10 т дейінгі автокөліктер үшін – 3 м, ал, жүк көтергіштігі 10 т асатын автокөліктер үшін 5 м жақындауына болмайды.»;

қағидалардың 758-тармағына орыс тілінде өзгерістер енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз.

2. «Фторсутекті қышқылды өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 298 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10189 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 19 мамырда № 91 (28569) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Фторсутекті қышқылды өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасында:

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63. Технологиялық параметрлер үшін бақылауды талап ететін және жұмыс орнынан едәуір қашықтықта орналасқан аппараттар мен агрегаттар жұмыс орнында орнатылған басқару қалқандарының көрсеткіштеріне шығара отырып, қашықтық құралдармен жабдыкталады.»;

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«88. Қышқылдар мен басқа да агрессивті сұйықтықтарды тасымалдау үшін арналған құбыржолдарын тұрмыстық, қосымша және әкімшілік-шаруашылық үй-жайлар, тарату құрылғылары, электр қалқандары, бақылау-өлшеу аспаптары мен желдеткіш камералары үшін үй-жайлар арқылы, сондай-ақ қышқыл айналымымен байланысты емес ғимараттың сыртқы қабырғалары бойынша және қосалқы, әкімшілік және тұрмыстық үй-жайлар арқылы төсеуге жол берілмейді. Теміржол және автомобиль жолдарын, жаяу жүргінші қиып ететін орындарда құбыржолдары жобада айқындалған қауіпсіз орындарда қышқылдың төгілуін болдырмай науаға бекітіледі.»;

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«95. Арматураның сермерінде (шұралар, шүмектер, ысырмалар) олардың жабу бағытын белгілейтін меңзерлер салынады. Көрсетілген арматурада меңзер болмаған жағдайда ашылу жағдайы «А» және жабылу жағдайы «Ж» деп белгіленеді. Автоматты түрде реттейтін жапқыштар, клапандар үшін бағыттағыш аппараттарға меңзегіш қажет е м е с .

Барлық арматураларға технологиялық сызбадағы ұстанымына сәйкес келетін реттік н ө м і р беріледі. » ;

107-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«107. Технологиялық жабдық пен құбыржолдарын орналастыру кезінде аппаратураға және оның элементтеріне қызмет көрсету, жөндеу және ауыстыру бойынша жұмыстарды орындау кезінде ыңғайлылық пен қауіпсіздік қамтамасыз етіледі . » ;

118-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«118. Қозғалатын жабдық элементіне кіруді болдырмайтын алынбалы қоршау, қоршауларда құрылатын есіктер қоршаудың қорғау жағдайында оны жұмысын қамтамасыз ететін жабдықтың іске қосу құрылғысымен автоматты бұғатталуы тиіс.»;

124-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«124. Баспалдақтар мен алаңның құрылғысы МЕМСТ 23120-78 «Сатылы қадамдар, алаңдар және темір қоршаулары. Техникалық шарттары» талаптарына сәйкес о р ы н д а л а д ы .

Адамдардың жүруі кезінде тайып кетуді болдырмайтын қызмет көрсетуші және өту алаңдарының, көпірлер және баспалдақ сатысының төсенішінің конструкциясы қ о л д а н ы л а д ы . » ;

127-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«127. Сұйыққойма жоғарғы қақпақ-шатырының шетінде ыдысқа апаратын баспалдақтың әр жағынан 1,8 м кем емес аралықта, биіктігі 1,0 м кем емес ұстағыштар жасалады. Сұйықтық деңгейін өлшеуге арналған люк және арматура қақпаның қоршалған алаңында орналастырылады. Егер арматура, ауа шығу және қорғау клапандар шатырдың әртүрлі учаскелерінде орналасса оларға қоршаулармен алаңдар көзделеді. Резервуардың қақпағына тікелей тұруға жол берілмейді.»;

135-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«135. Басқару қалқандарында, бекеттерінде және беттақталарында орналасқан бақылау-өлшеу аспаптардың басқару, дабыл мен қуат беру сызбаларында, оларда кернеудің бар екені туралы белгі бергіш тақтайша болады. Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматизациялау құралдары (бұдан әрі – БӨАЖАҚ) бақылауға және реттеуге ыңғайлы және қауіпсіз орындарда орналастырылады.»;

197-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«197. Астаушалары мен ернеулері бар алаңдар авариялық төгінділулерді жоюға және оларды одан әрі залалсыздандыруға арналған тұрақты немесе жылжымалы

құрылғылармен жабдықталады. Ашық қоймаларға арналған арнайы кәріз жүйесіне құйылу орны жоқ астаушалар атмосфералық жауын-шашыннан қорғалады немесе құйып алу жүйесімен жабдықталады.».

3. «Қауіпті өндірістік объекті қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 300 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10242 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 4 шілдеде № 125 (28603) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 15) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объекті қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау қағидасында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қауіпті өндірістік объектінің жалпы қауіптілік деңгейін қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйым есептеу әдісімен жылына бір рет айқындайды:

1) K_{FK} – қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарының, технологиялық құрылыстарының жай-күйі көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{FK}} = (n_1 - n_2) / n_3$$

мұнда: n_1 – жұмысқа қабілетсіз (авариялық) жай-күйдегі немесе есептік жыл басына 50 %-дан астам тозығы бар өндірістік ғимараттардың, технологиялық құрылыстардың саны;

n_2 – есептік жыл соңына конструкцияларының жұмысқа қабілеттілігі қалпына келтірілген өндірістік ғимараттар мен технологиялық құрылыстар саны;

n_3 – қауіпті өндірістік объектінің өндірістік ғимараттарының, технологиялық құрылыстарының жалпы саны.

2) K_{TK} – техникалық құрылғылардың жай-күйі көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{TK}} = (n_4 - n_5) / n_6$$

мұнда: n_4 – есептік жыл басына дайындаушы зауыт белгілеген нормативтік қызмет (пайдалану) мерзімін өтеген техникалық құрылғылар саны;

n_5 – есептік жыл соңына өзінің нормативтік қызмет мерзімін өтегендер ішінен ауыстырылған техникалық құрылғылар саны;

n_6 – ұйым есебінде тұрған техникалық құрылғылардың жалпы саны.

3) $K_{\text{КТК}}$ – қауіпті техникалық құрылғылардың жай-күйінің көрсеткіші мынадай

формула бойынша айқындалады:

$$K_{ктк} = (n_7 - n_8) / n_9$$

мұнда n_7 – есептік жыл басына нормативтік қызмет мерзімін өтеген қауіпті техникалық құрылғылар саны;

n_8 – есептік жыл соңына қызмет мерзімін ұзартуға арнайы тексеруден өткен, техникалық куәландырудың (гидравликалық сынау, толық техникалық куәландыру) оң нәтижелері және бұдан әрі қауіпсіз пайдалану мүмкіндігі туралы сараптама ұйымының қорытындысы бар қауіпті техникалық құрылғылар саны;
 n_9 – ұйым есебінде тұрған қауіпті техникалық құрылғылардың жалпы саны.

4) K_a – орын алған авариялар көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_a = n_{10} / 100$$

мұнда: n_{10} – ағымдағы жыл ішінде қауіпті өндірістік объектіде орын алған авариялар саны.

5) $K_{и}$ – орын алған оқыс оқиғалар көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{и} = n_{11} / 1000$$

мұнда: n_{11} – жекелеген технологиялық желілердің немесе технологиялардың 6 сағаттан астам уақытқа жұмыс істемей тұруына алып келген, есептік жыл ішінде қауіпті өндірістік объектіде орын алған оқыс оқиғалар саны.

6) $K_{жо}$ – өндірістегі жазатайым оқиғалар жиілігінің көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{жо} = n_{12} / N$$

мұнда: n_{12} – авария (оқыс оқиға) нәтижесінде ағымдағы жыл ішінде қауіпті өндірістік объектіде орын алған өндірістегі жазатайым оқиғалар саны;

N – жыл ішіндегі қауіпті өндірістік объектінің технологиялық персоналының орташа тізімдік саны.

7) соңы өлімге алып келген өндірісте орын алған жазатайым оқиғалар көрсеткіші мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{кб} = n_{13} / 100$$

мұнда: n_{13} – қауіпті өндірістік объектіде авария (оқыс оқиға) нәтижесінде орын алған жыл ішіндегі соңы өлімге алып келген өндірістегі жазатайым оқиғалар саны.

8) объектінің жалпы қауіптілік деңгейі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$D_{қауіпт} = K_{фк} + K_{тк} + K_{ктк} + K_a + K_{и} + K_{жо} + K_{кб} \dots$$

4. «Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде өнеркәсіптік

қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 301 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10225 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 04 шілдеде № 125 (28603) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасында:
2-тармақ 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) иондаушы сәулелендіру көздері – радиактивті материалдар, құрамында радиоактивті материалдар бар аппараттар немесе құрылғылар, сондай-ақ иондаушы сәулелендіру шығаратын немесе шығаруға қабілетті аппараттар мен құрылғылар;».

5. «Бериллий, оның қоспалары және олардан бұйымдар өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 302 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10191 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 19 мамырда № 91 (28569) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бериллий, оның қоспалары және олардан бұйымдар өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасында:
15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Ұйымның әкімшілігі лауазымды адамдарды және персоналды арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен (бұдан әрі – ЖҚК) қ а м т а м а с ы з е т е д і . » ;

2-бөлім атауы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Бериллий өндірісінің аумағында және өндірістік үй-жайларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі»;

2-бөлім 2-параграф атауы мынадай редакцияда жазылсын:
«2-параграф. Жылыту және желдету жүйелерін пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету»;

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«57. Коммуникация немесе аппараттар зақымданған кезінде ауаға бериллий

тозаңының және басқа да зиянды заттардың көптеген көлемде кенеттен таралуы мүмкін , сондықтан да ауаның шаңдануын бір сағаттың ішінде гигиеналық нормативтерге дейін төмендетуге мүмкіндік беретін, ауа айналымының тиісті еселігін қамтамасыз ететін резервтік желдеткіштер мен газдан тазалайтын аппаратуралар көзделеді.»;

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«79. Арнайы киімдерден ласты кетіру үшін бериллий тозаңының көп бөлінуімен операциялар жүргізілетін үй-жайлардың (бокс, каньон) кіреберісінде санитарлық шлюздарда арнайы киім мен аяқ киімдерді тазалауға арналған құрылғылар ж а б д ы қ т а л а д ы .

Шығарылатын ауа атмосфераға шығарылар алдында жобаға сәйкес тазартылады.»;

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«82. Өндірістік және шаруашылық-ауыз су құбырларының жүйелерін біріктіруге т ы й ы м с а л ы н а д ы . » ;

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«83. Судың температурасы құбырлардағы ауа ылғалының конденсациясына алып келген кезде үй-жайлардың ішіне тартылатын өндірістік және шаруашылық-ауыз су құбырлары құбыр бетіндегі шаңды жууға мүмкіндік беретін, беті суға төзімді м а т е р и а л м е н қ а п т а л а д ы . » ;

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«84. Киімнің тұтануы немесе химиялық күйлер болуы мүмкін өндірістік үй-жайлар шаруашылық-ауыз су құбырына қосылған фонтандармен, крандармен, өзіндік көмек жуынғыштармен, апаттық душтармен қамтамасыз етіледі.»;

92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«92. Жұмыс және авариялық жарықтандыру шырақтары олардың бекітпелерінің сенімділігін, қауіпсіздігін және қызмет көрсету ыңғайлылығын қамтамасыз етуі тиіс.»;

113-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«113. Жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету техникалық қондырғының пайдалану құжаттамасына сәйкес әзірленген технологиялық регламенттердің талаптарына сәйкес, өндіріс жағдайын, сондай-ақ процеске, операцияға әзірленген жұмыс және технологиялық нұсқаулықтың талаптарын ескере от ы р ы п , жү з е г е а с ы р ы л а д ы . » ;

118-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«118. Диэлектрлік болып табылатын сұйықтарды және сусымалы заттарды қабылдаумен, өңдеумен және олардың орын аустыруымен байланысты резервуарлар, технологиялық жабдықтар, құбырлар, құйып-төгетін құрылғылар және басқа да жабдықтар тұрақты электр зарядының жинақталуынан қорғалуы тиіс.»;

126-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«126. Зиянды тозаңның, шаңның, жоғары жиіліктегі электромагниттік өрістердің, жылу сәулеленудің, шу мен дірілдің көздері болып табылатын өндірістік жабдықтар

көрсетілген факторлардың қызмет көрсететін персоналға зиянды әсерін болдырмайтын қорғаныс құрылғыларымен жабдықталады.»;

128-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«128. Өртенуі қауіпті процестер жабдығы, шу-діріл шығаратын және шаң-газ бөлетін жабдықтар оқшаулатылған үй-жайларда орналасады. Технологиялық жабдықтарды толық герметизациялау мүмкін болмаған кезде сұйытылуын кемінде бес паскальда ұстай отырып, каньондарға салынады. Көрсетілген үй-жайлар қысымның түсуін бақылау аппаратурасымен қамтамасыз етіледі.»;

141-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«141. Әрбір жұмыс орны жұмысы қауіпсіз орындау үшін қажетті қосалқы керек-жарақтармен және аспаптармен қамтамасыз етіледі.»;

172-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«172. Сақтандырғыш қақпақшалары іске қосылған кездегі уытты газдардың, булардың және тозаңдардың төгінділері қабылдағыштарға немесе тазалау қондырғыларына бағытталады.»;

173-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«173. Аппараттарды авариялық босатқан кезде ішіндегі заттар авариялық немесе резервтік ыдыстарға құйылады немесе айдалады.»;

180-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«180. Кенеттен тоқтауы аварияға әкеп соқтыруы мүмкін жабдықтар үшін тәуелсіз электрмен жабдықтау көзінен резервті автоматты түрде қосатын екі қосу көзделеді.»;

196-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«196. Жабдықтың қоршауы функционалдық мақсатымен рұқсат етілмеген бөлшектерін қоспағанда, еден деңгейінен екі жарым метрге дейінгі (қоса алғанда) биіктікте орналасқан немесе жұмыс алаңдарынан кездейсоқ тиіп кетуі мүмкін барлық ашық қозғалмалы бөліктері қоршалуға тиіс. Қоршаулар тұтас немесе ұяшық өлшемі 20 x 20 мм тордан жасалады.»;

217-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«217. Құрамында бериллийі бар өнімдерді жұмыс орындарында, кез келген мақсаттағы үй-жайларда сақтау тәсілі ауаның және өндірістік үй-жайлардың ластану мүмкіндігіне жол бермейтіндей етіп жүргізіледі.»;

233-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«233. Бериллий және оның қосылыстарымен жұмыс істейтін барлық адамдар әртүрлі кесілулерден, жаралардан, сызаттардан, күйіктен сақтана отырып, қол терілерінің жай-күйін бақылаулары тиіс.»;

281-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«281. Ұнтақты операцияларға арналған шаң-газтазарту жүйесін пайдалану осы жүйелерге судың, тез тұтанатын сұйықтық буының, жарылуы қауіпті газдардың, жағу көздерінің (шоқ) және аппараттың қабырғасына соғылған кезде шоқ пайда болатын

заттардың тиюіне жол берілмейтіндей етіп ұйымдастырылады.».

6. «Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 342 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10256 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 11 маусымда № 108 (28586) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасында:

қосымшаның бірінші парағының жоғарғы оң жақ бұрышына орыс тілінде өзгерістер енгізілген, қазақ тілінде қосымшаның бірінші парағының жоғарғы оң жақ бұрышы өзгеріссіз ;

қағидалардың 19-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз;
қағидалардың 100-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз

;

қағидалардың 273-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз

;

қағидалардың 589-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз

;

қағидалардың 615-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз

;

қағидалардың 840-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз

.

7. «Жарылыс жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10244 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 11 шілдеде № 131 (28609) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) :

қағидалардың 109-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз

.

8. «Қара, түсті, бағалы металдардың балқымаларын және осы металдардың негізінде алынатын қорытпаларды өндіру бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 346 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

10274 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 сәуірінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған және 2015 жылғы 22 қазанда № 202 (28680) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;
қағидалардың 322-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз

9. «Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10252 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 18 маусымда № 113 (28591) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 13) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:».

10. «Қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу бойынша жұмыстарды жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 348 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10258 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 тамызда № 145 (28623) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

бұйрықтың кіріспе бөліміндегі 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу бойынша жұмыстарды жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасында:

1-бөлім 1-параграф атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-параграф. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жалпы талаптары»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Жабдықты жөндеу уақытында ірі ауысымдық тораптар мен бөлшектерді тасымалдау үшін арналған өту жолдарының ең төменгі ені әрбір жаққа 0,6 м қоса

отырып тораптар мен бөлшектердің ең жоғары көлденең мөлшерімен анықталады.».

11. «Қауіпті өндірістік объектілердің қалдықты және шөгінді шаруашылықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10253 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 23 шілдеде № 138 (28616) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) :

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілердің қалдықты және шөгінді шаруашылықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасында:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Қалдық қойманың ғимараттары мен құрылыстары өртке қарсы қорғанышпен қамтамасыз етіледі.» ;

132-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«132. Су қабылдау ойықтарын сорғылармен жабу және сорғыш арасындағы кеңістікті бетондау атқарушы сызбаның, сорғылар мен бетон паспорттарының қосымшасы бар жасырын жұмысты аяқтау актісімен ресімделеді.»;

192-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«192. Көзбен шолу қадағалауларымен мыналар бақыланады:

1) қалдық қойманың негізі мен қалпын дайындау, пайдаланушы персоналының күшімен орындалатын дамбалар мен бөгеттерді салу жөніндегі жұмыстың жобалау құжаттамасына сәйкестігі ;

2) дамба (бөгет) баурайының, бермалар мен жоталардың және олардың жағадағы қабысу нүктелерінің (тұнбалардың, сызаттардың, жылжулардың, шөгіндердің, қалқымалардың, тау жынысын еріту және теріс құбылыстардың болуы) жай-күйі;

3) дренаж құрылғылардың жай-күйі (қысымның, лайланудың, тұнбалар мен дренаж трассасы бойынша топырақ ойылуының және судың шығуының болуы, батпақтану, құдық астауларының бұзылуы, құрғатқыш немесе дренаж шығарғыштардың қатуы);

4) су қабылдау және су бұру құрылыстарының жай-күйі (құрылыс қабырғаларында сызаттар мен қуыс қаяулардың болуы, құрылыс қабырғаларының жапсарларының ағуы, металл құрылымдарының тоттануы, тасқын суларын түсіруге құрылыстың дайындығы, су шығарғыштардың, қайта іске-қосқыштардың, құбыржолдардың жай-күйі);

5) еңіс бекіткіштерінің, бермалар мен арна қаптамаларының жай-күйі (қаптамалардың бүлінуі, олардың астынан шайындының болуы, жіктердің ажырауы, бітелуі және лайлануы);

6) тексеру үшін бақылау-өлшеу аспаптары қолжетімді бөліктерінің жай-күйі –

қақпақтардың, нөмірленудің, бастиектердің майысуының болуы;
7) қалдық қоймадағы су мен қалдық деңгейі;
8) аумақтың санитариялық жай-күйі.».

12. «Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 350 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10273 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 1 тамызда № 145 (28623) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 17) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:».

13. «Көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 351 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10255 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған және 2015 жылғы 31 қазанда № 209 (28687) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:».

14. «Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 352 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10247 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:».

15. «Қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 353 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10310 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 8 тамызда № 150 (28628) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:
««Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы

Заңының 12-2-бабының 18) тармақшасына сәйкес БҰҰЫРАМЫН:»; көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидасында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Сәйкестендірілген қауіпті өндірістік объектілерде ұйым қызметі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.».

16. «Магистральдық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10240 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 8 тамызда № 150 (28628) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистральдық құбырларды пайдалану кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасында:

2-тармақ 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жою - магистральдық құбырларды бөлшектеу және (немесе) қайта бейіндеу және одан әрі пайдалану үшін қоршаған ортаны адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз жай-күйге келтіру бойынша іс-шаралар кешені;»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау үшін алаңдық объектілер мен МҚ ЖБ трассасын жердің рельефі бойынша тұрғылықты мекендерден төмен орналастыруы тиіс

Мұнай мен мұнай өнімдері құбырлардың сенімділігін және тұтастығын қамтамасыз ететін құрылымдық шешімдерді дайындау кезінде төгілген өнімді жинау бойынша құрылыстардың құбырлары бойына құрылысына жол берілмейді.»;

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Қысымды реттеудің қолданылатын әдісі ол үшін белгіленген шектерде сақталатын қысым жағдайында АҚС/КС жұмысын қамтамасыз етеді. Реттеу жүйесі шығу барысындағы қысымның үздіксіз бақылауын жүзеге асыруға тиіс және МҚ ЖБ шығыс қысымның шекті мәнінен артуына жол бермейді.

Жабдықтар, құбырлар, арматура, КС-тің сору және аударма желілеріндегі ернемек жалғастырулар және қалыпты бөлшектер айдаудың барынша жоғары есептеу қысымы бойынша төзімділікке есептелуі тиіс.»;

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«72. Резервуарды шөгінділерден тазалау, арнайы техникалық құрылғыларын қолданумен орындалады.»;

114-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«114. МҚ объектілерін салу, қайта жетілдіру, күрделі жөндеу және техникалық қайта жарақтандыру бойынша жұмыстарды орындаудың барлық кезеңдерінде

тапсырыс беруші мердігермен бірлесе отырып, құрылымның, өнімдердің, материалдардың, жабдықтар мен техникалық құрылғылардың кіру бақылауын, жұмыстардың және барлық технологиялық операциялардың орындалу сапасын бақылауды ұйымдастырады. Кіру бақылауының нәтижелері тексеру актісі ресімделген кіру бақылауы журналына енгізіледі.

Құбырларға, жабдықтарға, техникалық қондырғыларға дайындаушы зауытта жүргізілген барлық қабылдау сынақтары тапсырыс берушінің өкілінің қатысуымен, алдын ала жасақталып келісілген бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Дәнекерленген қосылыстардың сапасын бақылау нәтижелері бойынша дәнекерленген қосылыстардың орнатылған талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды ресімделеді. » .

17. «Газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 357 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10238 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 1 тамызда № 145 (28623) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағида с ы н д а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Газды дайындау мен қайта өңдеу объектілерінде (әрі қарай – ГДҚ) төмендегі құжаттар әзірленеді және жұмыс орындарында сақталады:

1) пайдалану және техникалық құжаттама;

2) объектілердің құрылысына арналған жоба;

3) технологиялық регламенттер;

4) қауіп факторларын ескеретін және олардың болжамды зардаптарының ауырлықтарын барынша азайту үшін апаттардың алдын алу, апатты жағдайларды жою үшін қолданылатын персонал әрекетін, құралдар мен әдістерді регламенттейтін апаттарды жою жоспарлары (әрі қарай – АЖЖ) (жедел бөлімнен үзінділер).»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Жөндеу-құрылыс жұмыстары жүргізілген ГДҚ объектісі аумағының учаскесін жоспарлайды және қоқыстан тазартады. Аталған учаскеде оны жоспарлау мен аумақты құрылыс қоқысынан тазалау аяқталғанға дейін қондырғыларды қосуға жол берілмейді.

» ;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Әрбір қауіпті өндірістік объектіде 3-5 жинақ ТОЖҚҚ-ның авариялық қоры көзделеді .

Шлангілік авариялық газқағарлардың кемінде екі жинағы көзделеді.

Газқағарлардың авариялық қорын құлыптауға жол берілмейді.

Авариялық қордың пломбаларының тұтасталығын ауысымды қабылдау және өткізу кезінде күтім жасаушы персонал тексереді. Авариялық қордың болуын және жағдайын ұйымның газқұтқару қызметінің жауапты адамы ГДҚ объектісінің техникалық басшысы бекіткен кестеге сәйкес айында кемінде бір рет тексереді.»;

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Апатқа қарсы және өртке қарсы жүйенің, өрт сөндіру қондырғыларының және жарылыс қауіпті концентрацияны анықтау жүйесінің ақаулығы кезінде олардың жұмыс қабілеттілігін дереу қалпына келтіру шаралары қабылданады, ал бұл жүйелерді жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қондырғының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін АЖЖ шаралары орындалады. Қауіпсіздік шарттары кәсіби апаттық-құтқару қызметтерімен (әрі қарай – АҚК) келісіледі. Технологиялық регламент өндірістің технологиялық процессіне қатысатын МГДҚ, көмекші құрылғылар мен ғимараттарға жасақталады.

Ұйымның техникалық жетекшісі әрбір нақты жағдайда технологиялық регламентті әзірлеуге қатысатын өндірістік және техникалық қызметтер, ұйымдарды анықтайды.»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Технологиялық регламенттің титулдық бетінде:

- 1) ұйымның атауы;
- 2) қондырғының атауы;
- 4) нысанның атауы;
- 5) әзірлеушілер (ұйым, лауазым, Т.А.Ә.А.);
- 6) құжат индексі көрсетіледі.»;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Вентиляциялық камерада вентиляциялық құрылғылардың сызбасын, ал камераның есігінде – вентиляциялық құрылғыларды қалыпты пайдалануды қамтамасыз ететін жауапты тұлғаның мәліметтері көрсетілген тақта ілінеді.

Технологиялық құрылғыларды, жабдықтарды, өндірістік жайларды жөндеудің дефектілі тізімдемесінде вентиляциялық қондырғыларды жөндеу және жарамдылығын тексеру ісі қарастырылады. Вентиляциялық жүйе ақаулы кезде, технологиялық қондырғыны немесе объектіні жөндеуден кейін қабылдауға рұқсат етілмейді.

Вентиляциялық камералардың жайларын қойма үшін пайдалануға және бөтен заттарды үйіп тастауға рұқсат етілмейді.»;

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Жібітілген учаске жұмыс істейтін жүйеден ажыратылады. Дренаждар мен ауа өткізгіштер жабылады.»;

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«71. ГДӨН аумағындағы және одан тыс өндірістік (басқа да мақсаттағы) кәріздердің құдықтарын ұдайы жабық ұстайды. Құдықтардың қақпақтарын кемінде 10 сантиметр

болат немесе темір бетонды сақинадағы қабатты құммен жабады.

Жұмыстар жүргізілетін құдықтардың айналасын қоршайды, жанында «Жұмыстар жүргізілуде» плакаттары ілінеді.»;

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«73. Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика (әрі қарай – БӨАЖА) БӨАЖА басқару қалқандарында орналастырыған аспаптарға айқындалатын және наряд-рұқсат етілген параметрлер көрсетілген жазбалармен жабдықталады.

Ескерту лампалары және арнайы дабыл аспаптары дабылдың түрін көрсететін жазбалармен жабдықталады.»;

100-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«100. Отпен істелетін жұмыстарға ашық отты қолданумен, ұшқын шашатын және материалдар, өнімдер жалындап жанатын температураға дейін қыздырумен (электр дәнекерлеу, электргазбен дәнекерлеу, бензинмен кесу, дәнекерлеу жұмыстары, металды ұшқын шығарып механикалық өңдеу және тағы басқа) байланысты өндірістік операциялар жатады.

Өндірістік үй-жайлардағы және сыртқы құрылғылардағы отпен жүргізілетін уақытша жұмыстарға объект басшысының жазбаша рұқсаты ресімделгеннен кейін ғана жол беріледі.»;

118-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«118. Резервуардың қабылдау құбыр желісін сұйықтың «жансыз қалдық» деңгейін есепке алып мұнай өнімінің ағуын қамтамасыз етумен орналастырады. Мұнай өнімдерінің резервуарға (ыдысқа) тігінен еркін ағуына рұқсат етілмейді.»;

119-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«119. Сепараторлар, аппараттар, ыдыстар, резервуарлар, құбыр жолдарын және қондырғыларды үрлеу кезінде мұнай өнімдерінің газ және булары газ жинақтау желісіне және факелді жүйеге шығарылады. Сұйық фаза ыдыстарға, резервуарға және дренажды жүйеге шығарылады. Көрсетілген жұмыстар газдану, ШРК және шекті рұқсат етілген жарылыс концентрациясы тұрақты бақылау кезінде орындалады.»;

120-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«120. Сепараторлар, жасаушының техникалық құжаттарына сәйкес дистанционды басқару мен бақылау жүйесімен апатқа қарсы және өртке қарсы қорғаныс, сақтандыру қақпақшасымен, деңгейді көрсеткішпен және мұнайды автоматты құю қондырғысымен жасақталады.

Сепараторларды тазарту және үргілеу кезінде үрлеу жүйесінде жабу құрылғылары біртіндеп және ақырын ашылады.»;

126-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«126. МДҚ жұмысын ұзақ уақытқа немесе консервациялауға тоқтату кезінде аппараттар мен құбыр жолдары тот басудан, суық уақытта мұздан еріту кезінде және оларда жарылыс өрт қауіпті қоспалардың пайда болуынан қорғау жөніндегі акт жасала

отырып шаралар қабылданады.»;

146-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«146. Пештің жұмысы кезінде шілтерлердің тарату камералараның сыртқы кабырғаларының температурасын қадағалайды, температура шектен асқан жағдайда (60 Цельсий градустан асқанда) шілтерді ажыратады.

«Тарсыл» пайда болғанда шілтерді ажыратып, соплоны тазартады.»;

183-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«183. Сорапты сору және айдау коллекторларынан айыру үшін ысырмалар қолданылады. Ол мақсатқа бітеуіштерді пайдалануға болмайды.»;

192-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«192. Резервуарлық парк аумағына бекітудің немесе қоршаудың үстінен кіру үшін таяныштары бар, жеке тұрған резервуарлар үшін екіден кем емес, резервуарлар топтары үшін төрттен кем емес, баспалдақ, өтетін жолдар орнатылады.

Бекітулер арқылы басқа орындардан өтуге тыйым салынады.»;

202-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«202. Резервуарлық баспалдақтардың дұрыс жұмыс істеуіне, таяныштардың мықтылығына, шатырдағы қоршауларға тұрақты бақылау орнатылады. Алаңдар мен баспалдақтар сатылар таза ұсталады, мұзбен қардан биіктікте жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, ағаш күректермен тазартылады.

Баспалдақтар мен алаңдарда басқа заттар мен қондырғылардың бөлшектерін тастауға оларды резервуар шатырында тікелей орын алмастыруға жол берілмейді. Қолданыстағы резервуарлар мықтылығын бұзуға жол бермеу мақсатында соққы құралдарын (балға, кувалда) қолдана отырып, жұмыс істеуге тыйым салынады.»;

237-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«237. Жерасты резервуарларын пайдалану өндірушінің техникалық құжаттамасына сәйкес жүргізледі.

Пайдалану кезінде жарық люктер төсемдері бар қақпақтармен жабылады. Оларды жөндеу немесе ыдыстарды тазарту кезінде ғана желдету үшін ашуға жол беріледі.

Желдеткіш трубаларының биіктігі жоғары жабудан 2 метрден кем болмайды.

Жер асты камераларында (шахта) орналасқан арматуралар дистанционды басқарулармен қамтамасыз етіледі. Камераларға түсу үшін стационарлық металл баспалдақтар қолданылады.

Камералар дефлекторлармен қамтамасыз етіледі.»;

245-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«245. Қандай да бір ақаулық табылса (шланганың тесілуі, ауа үрлегішінің тоқтауы, құтқару арқанының үзілуі және тағы сол сияқтылар) және ыдыстағы жұмысшы газқағардың шлем-маскасын шешуге тырысса, сыйымдылықтағы жұмыс дереу тоқтатылып, жұмысшы сыйымдылықтан шығарылуы тиіс.»;

265-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«265. Күкіртті сутектен тұратын сұйықтықтарды және зиянды заттарды алдын ала бейтараптандырмай ашық канализация жүйесіне төгуге рұқсат етілмейді.»;

266-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«266. Улы сұйықтықтар төгілуі мүмкін өндірістік объектілерде үнемі дереу пайдалануға жарамды күйдегі бейтараптандыру ерітіндісінің қоры мен оны жедел қолдану үшін техникалық құрал болуы және күтіп ұсталуы тиіс. Бейтараптандыру ерітіндісінің саны мен құрамы мүмкін болатын төгулер көлемімен және технологиялық сұйық ортаның улы қосындыларының қасиеттерімен анықталады.»;

269-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«269. Үй-жайда зарарсыздандыру (төгілгендерді жоюдан кейін иісті жою) ауаны желдету және сыртқы жақтарын 1 пайызды марганцовка қышқылды калий (калий перманганаты) сулы ерітіндісімен өңдеу жүргізіледі.»;

271-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«271. Құдықтарда орналастырылған ысырмаларды құралдарды пайдаланып, жер бетінен басқару қарастырылады.»;

312-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«312. Генераторлардың реакторларын ашар алдын, оларды 30 Цельсий градусқа дейін салқындатады, зиянды заттардың РШШ деңгейінен аспайтын жағдайын тексеруде оң нәтижелерге қол жеткізгенге дейін ауамен үріп тазартады.»;

346-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«346. Алау бағанының биіктігі, оны орналастыру, алау бағанымен іргелес ғимараттар және құрылыстар арасындағы биіктік жобалық құжаттамада беріледі және атмосфералық ауаның рұқсат етілген нормасына, рұқсат етілген жылу ағыны мен өртке қарсы нормаларға қарай есептеулерге негізделеді.

Факел бағаны кергілерінің саны, құрылымы және бекіту тәсілдері оларды мүмкін болатын бүлінуден қорғауды қамтамасыз ету талаптарымен, оның ішінде көліктік құралдармен жобаланады.»;

352-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«352. Факел жүйесін әрбір қосар алдында ауаны жарылғыштықтың төменгі шегінің 25 пайыздан аспайтын оттек құрамына дейін ауаны атмосфераға итеріп шығару үшін инертті немесе көмірсутекті газбен үрлеп тазартады.».

18. «Компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 360 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10251 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 ақпанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 25 маусымда № 118 (28596) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

қағидалардың 22-тармағы орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ тілінде өзгеріссіз; көрсетілген бұйрықпен бекітілген Компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде

өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасында:

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Компрессорлық станцияның электр жабдығы, электр аппаратура, басқару және электрмен қамтамасыз ету жүйесінің электр тізбегі, компрессорлық станцияның жерге қосу құрылғылары ҚР Индустрия және сауда Министрлігінің Құрылыс жөніндегі Комитетінің 2004 жылғы 26 мамырдағы № 251 бұйрығымен бекітілген ҚР ҚНЖЕ 4.04-10-2002 «Электр техникалық құрылғылар» талаптарына сәйкес орындалады.»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Дәнекерлеу жұмыстары өндірісіне өнеркәсіптік қауіпсіздік сұрақтары бойынша білімі тексеруден өткен дәнекерлеушілер жіберіледі.»;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Әрбір айдау ауа құбыры мен газ құбырының егесімен осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген нысанға сәйкес, компрессор қондырғысының айдау құбыр төлқұжаты жасалады. Төлқұжат, монтаждайтын ұйым ұсынған құжаттар негізінде, құбыр элементтерін жасау куәлігі, құбырды монтаждау куәлігі, жөндеуге акт, құбырларды ревизиялау мен сынау, агрегатты қабылдау-беру актісі, жөндеуден шыққан ыдыс, осы Қағидалардың 2, 3, 5, 6-қосымшаларында көрсетілген нысанға с ә й к е с ж а с а л а д ы . » ;

117-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«117. Айдау келте құбырларында компрессорды сығудың әр сатысынан кейін ауа температурасы дайындаушының пайдалану жөніндегі нұсқаулығында көрсетілген максималды мәндерден жоғары болмайды, алайда жалпы өнеркәсіптік компрессорлар үшін 170°C аспайды, технологиялық тағайындалуы бар компрессорлар үшін технологиялық регламенттерде қарастырылғанға сәйкес келеді, алайда 180°C жоғары б о л м а у ы к е р е к . » ;

қағидалар 2-қосымшасының 7-тармағына орыс тілінде өзгеріс енгізілген, қазақ т і л і н д е өз г е р і с с і з .

19. «Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму Министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 69 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10417 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және 2015 жылғы 19 қыркүйекте № 180 (28056) « Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемелерді лоцмандық алып өтуді жүзеге асыру қ а ғ и д а с ы н д а :

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Лоцмандық алып өту қауіпсіздігінде көрініс табатын жағдайлар (көрінудің нашарлауы, тұман, кеме жолы тереңдігінің азаюы) туындаған кезде кеме капитаны

лоцманның талабы бойынша лоцман көрсеткен тәртіпте кеме электр радионавигациялық жабдығының құралдарын (эхолот, радиолокатор, радиопеленгатор) пайдаланады. Алып өту ауданында жағалаулық радиолокациялық станция болған кезде лоцман бұл жағдайларда аталған станцияның қызметін пайдалана алады.».

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК